

10. Валиханов Ч.Ч. Аблай. Собр. Соч. – Алма-Ата, 1985. Т.4.
11. Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі.: Оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2010. – 207 б.
12. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы, 1994.
13. Материалы по истории Казахских ханств. XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алматы: Наука, Казахской ССР, 1969. – 650 с.
14. Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Автореферат. – Алматы, 2010. – 44 б.

ЖАҢАРҒАН ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ – ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Гүлбаршин Спанқызы Конкина

философия ғылыми кандидаты, доценті

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Арқалық қ., Қазақстан Республикасы.

Минар Сапарқызы Амрина

тарих ғылыми кандидаты, доценті

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Еліміздегі болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени жаңғыртулар жүйесінің қадамы мен қиындықтары ұлттық ахуалға да қатысты. Онда жаңа қоғамдық қатынастар халқымызға тиісті рухани-психологиялық құндылықтар әкелуде. Бұл құбылыстың өзіндік ерекшелігі тұрғысында мынадай түйін бар: «Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр... Біз бұрынғы ойлаудың құрсауынан, әлі өтпеген жолдан қорқудан бас тартуымыз қажет. Жалпы алғанда біз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсінуіміз қажет. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз мынада: бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттікті құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырған емес» [1, 32].

Осы процеске түрлі талдау жасаушы американдық белгілі саясаттанушы С.Хантингтонның болжамы бойынша, келешекте «... ғаламдық аумақтағы аса бір айта қаларлықтай қақтығыстар әртүрлі өркениеттерге жататын ұлттар мен топтар арасында туындайтын болады». Әрмен қарай ол былай деп көрсетеді: «қырғи – қабақ соғыстың» аяқталуымен бірге халықаралық саясаттың батыстық кезеңі де аяқталды. Батыс пен батыстық емес өркениеттердің өзара іс – қимылы, сондай – ақ батыстық емес өркениеттердің өздерінің арасындағы қарым – қатынастар оның өзегіне айналуда [2, 18].

Әрине, батыстық және батыстық емес өркениеттердің өзара іс – қимылы, біздіңше, Қазақстан секілді көп ұлтты елдегі ұлтаралық қарым – қатынастар мәдениетінің мазмұнына белгілі бір ықпал жасап отырғаны анық; мұнда батыстық (дәлірек айтқанда – славяндық – православиелік) және шығыстық (дәлірек айтқанда – исламдық) өркениеттер іс – қимылдарын айқын біріктіріп отыр.

Кеңестік жүйенің ыдырауына байланысты Орта Азия республикалары мен Қазақстанда қайта исламдандыру күш ала бастады. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық қатынастың, ең алдымен орыстар және түркі тілділер арасындағы қатынастың мәдениетіне белгілі дәрежеде әсер етпек. Бұл жерде ескеретін бір жайт, соңғыларында батыстық болмысқа қарсы тұру құлшынысы күшейе түсуде. Тағы бір ескеретін мәселе бұрынғы кеңес халықтарының этнопсихологиялық мәдени – діни айырмашылықтары бола тұра, сонымен бір мезгілде оларда, экономика саласындағы секілді, мәдениет саласында да ортақ нәрселер көп болатын.

Соңғы жағдай, мемлекетаралық қарым – қатынастарда жасалып жатқан бірқатар практикалық қадамдарға қарағанда, келешекте араб емес он мұсылман елдерінің мәдени – экономикалық ынтымақтастығы өсе түсуі мүмкін, мемлекеттік ұлттық саясаттағы басымдықтарды айқындаған кезде мұны ескеру қажет болады.

Орта Азия және Қазақстан халықтарының тұрмыстық тіршілігінде діни сенім мен ұлттық психология сипаттарының кірігу процесі жүріп жатыр. Солай бола тұрса да бұл халықтардың этномәдениетінде жаңадан отбасы – тұрмыстық, еңбек, қоғамдық – саяси және басқа да әдет – ғұрыптар пайда болуда. Олар белгілі бір мағынада діннің ықпал аймағы тарыла түсуіне жағдай жасап отыр. Бұл жай арнайы зерттеуді қажет етеді.

Атап өткеніміздей, ұлттық психологияға ықпалды факторлардың бірі - дін болып табылады. Мұндағы ара-қатынас әлі де ғылыми талдауға нақтылы ұшыраған емес. Анық-қанығы жеткіліксіз. Дәстүрлі ұлттық тәрбиеге, тарихи сананы қалыптастыру, мұсылмандық тәрбие моделін жетілдіру, діннің ғылыми негіздерін ұғыну өз орнын табуы тиіс. Қазіргі кезеңде құранның ғылымға қатысы, мораль, шындық, ар-ұят, үміт пен ұмтылыс, ата-ана мен балалар, ұрпақтар ақысы және т.б. мәселелер анық ғылыми позицияда болғаны жөн [3].

Ұлттық мәдениеттердің шын мағынасындағы өзара іс – қимылы ешқашан ұлтсыз мәдениет жасауды мақсат етпейді, қайта оларды сақтап, көбейте береді, рухани өмірдегі ұлттық болмыстың одан әрі гүлдене түсуі үшін кең мүмкіндіктер жасап, осымен бір мезгілде ұлтаралық қатынас мәдениетінің дамуына өріс ашады. Егер халықтардың қатынасы ұлттық калоритін сақтап қана қоймай, сонымен бірге осы заманғы мазмұнмен, эстетикалық мұраттармен, дәстүрлі өнердің және өзге халықтар фольклорлық жетістіктерімен байи түсетін болса, ол ойдағыдай дами алады.

Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде моральдық – психологиялық жағдайы ерекше ел, оны негізінен алғанда екі этнос: қазақтар мен орыстар айқындайды. Бұл халықтардың этнопсихологиясында өзара қатынасқа негіз болатындай ортақ сипаттар аз емес. Бұл мәселе де арнайы зерттеуге әбден лайық.

Мемлекеттің, ұлтаралық қарым – қатынастардың этносыздану процесіне өркениеттің тигізетін ықпалы айрықша мәселе болып табылады. Қазіргі кезде адамның құқықтары және ұлттардың құқықтары проблемасы төңірегінде жүріп жатқан пікірталастар аз емес. Біздіңше, бұларды бір – біріне қарсы қоюға болмайды.

Осыған орай жергілікті халықтың құқықтарына қатысты мынадай пікірді алға тартуға болады: «...Қай ұлтқа жататынына қарамастан барлығы үшін мүмкіндіктер теңдігі мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы біздің мемлекетте тұрғылықты ұлт – қазақтардың мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғанындай, ерекше бөліп айтылатыны да әбден орынды. Бұл ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани – мәдени және басқа да байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайта оралуына қандай да болмасын алғышарт жасауға қатысты» [4, 5].

Ата Заңымызда мемлекетіміздің ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмір – тіршілігі, құқықтары мен бостандығы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнатуға деген ұмтылысын ерекше бағалайды.

Бұл жерде мәселенің мәнісі ең алдымен демократиялық ұлтаралық қатынас мәдениетінің мәнінде жатыр. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті проблемасы тек бүгінгі күні ғана емес, келешекте де, жаңа көпэтностық елдің өз ішінде ғана емес, сонымен бірге одан тыс жерлерде де толғақты мәселе болып табылады.

Қазақстандағы этностық қарым – қатынастар проблемасын талдай отырып, Б. Ермұханов былай деп жазады: «Бұл жерде этнократия үшін идеялық бастау қызметін атқаратын этноцентризм, ұлтшылдықтың осы бір болашағы жандана бастағаны байқалады. Этнократияның күш – қуаты көшелердің, қалалардың атауларын, өзгертіп, ұлт-

тыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүркіреген аста – төк шаралар өткізуге, күні өткен көне дәстүрлер мен діни әдет – ғұрыптарды жаңғыртуға сарп етілуде» [5].

Үзілді – кесілді пайымдауына қарамастан, жоғарыда келтірілген дәйек сөзде аз да болса ақиқат бар, сондықтан онымен санаспауға болмайды.

Біздің ойымызша, мүмкін «ұлтшылдық», «этнократия» деген сөздер бұл жерде артықтау болар. Дегенмен тұтастай алғанда аталған пікір біздің республикамыздағы этностардың жағдайына қатысты назар аударуға тұрарлық.

Мына мәселенің аражігін анықтау дұрыс. Ұлтаралық қатынас мәдениеті рухани құндылықтар алмасып, мәдениеттердің өзара іс – қимыл біріктіріп отыруын көздейді және оған әртүрлі ұлттардың мүдделерін жоққа шығаратын көпе – көрінеу отаршылдық, космополиттік саясат араласып кетпесе, этнотөлтумалыққа олардан келер қауіп жоқ. Ескеретін мәселе ол ұлттың өз - өзінен оқшаулануы тек достық пен туысқандыққа ғана емес, сонымен бірге осы ұлттың өзекті мүдделеріне де залал келтіреді. Космополитизм мен интернационализмді құптау үрдісі міне дәл осыдан туындайды.

Интернационализм жалпыадамзаттық мазмұнмен тығыз байланысты, оны жалғыз тап қана емес, бүкіл адамзат қолдап отыр. Интернационалдық және жалпыадамзаттық нәрселер бір – біріне қарсы келмейді. Істің мәнісі олардың шынайылығы мен риясыздығында. Шынайы интернационализм ұлттардың қосылуын емес, қайта олардың бірлігі мен ынтымақтастығын, барлық ұлттар мен елдердің достығын білдіреді.

Интернационалдық – жалпы мен ерекшеліктің бірлігі, былайша айтқанда ол ұлттық сана – сезімнің, ұлттық психологияның және мінез – құлық сипаттарының жақсы жақтарының көрініс беруіне кедергі келтірмейтіні өз алдына, қайта оларға жағдай жасап отырады. Демек, интернационалдық ұғым ұлттық ұғымды айналып өтпейді, қайта сол арқылы көрініп отырады.

Интернационалистік дүниетаным жеке тұлғаның өз Отанына деген сүйіспендік сезімнен бас тартуын қажет етпейді. Ол, керісінше, адамдардың өз туған жеріне, туған мәдениетіне, өз тіліне, өзінің салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарына деген табиғи құштарлығын дамытуға жағдай жасайды және туысқан халықтардың баршасына деген сүйіспендікпен үйлесе астасып жатады. Қоғамдық өмірді интернационалдандыру және космополиттендіру процестері – болмай қоймайтын объективті нәрселер. Бірде – бір ұлт, бірде – бір ел толық оқшаулықта дамып кете алмайды.

Кезінде В.Г.Белинский былай деп жазған еді: «...Оқу-ағарту ісі ұлыстарды сылап-сипап, тегістеп халықтардың барлығын егіздің сыңарындай бір-біріне ұқсатып жібермеуі тиіс». Солай бола тұра ол ұлттардың өзін-өзі оқшаулаулына қарсы шыққан адам. «Ендігі жерде, - деп жазды ол, - ойы саяз, ақылы аз адамдар ғана адамшылықтың табыстары ұлттардың табыстарына зиянды және де ұлтты сақтап қалу үшін тура қытай қабырғасы қажет деп ойлауы мүмкін» [6, 645].

Ұлтаралық қарым – қатынастар қандай да бір оқшау сала емес. Олар адамдардың әлеуметтік жағдайымен өзара біте байланысып жатады. Бұл қатынастарды демократияландыру процесі де күрделі және қазақ қоғамы нарыққа өтіп жатқан кезеңде толып жатқан өзіндік қиындықтары да бар.

Тұрақты да қалыпты қызмет істейтін кез – келген егеменді ұлттық мемлекеттің саяси идеологиясы болады. Ол билік басындағы құрылымдардың заңды болуы үшін, адамдардың саяси күш-қуатын бағыттап отыру үшін қолданатын өзінше бір рухани қару. Біздіңше, жалпы алғанда, қазіргі таңда Қазақстан халқына біртұтас идеология қажет-ақ.

Осындай өтпелі кезеңде философиялық, саяси ғылымдар мемлекеттік идеологияның теориялық-әдіснамалық негіздерін тұжырымдап, қоғамдық өмірді демократияландыруда зор рөл атқарулары парыз.

Абсолютті түрдегі бостандық деген болмауы керек. Пікірталастар, қақтығыстар, ой-пікірлердің, ұстанымдардың, бағаламалардың күресі – осының бәрі саяси плюрализм мен демократия жағдайында қалыпты құбылыс.

Плюреализм, демократия дегеніңіз анархия емес, тәртіп пен реттіліктен ада болу емес. Осыған байланысты демократия мен құқықтың өзара іс-қимылын тереңірек зерттей түскен жөн: демократия халықтың билікке ұмтылысын білдіре отырып, әрдайым бірдей құқыққа іш тарта бермейді (митингілер, шерулер, қарсылықтар, бүліктер және басқалары), ал құқық болса, бұл секілді ерік білдірген ереуілдерге қарсы шыға отырып, адамдар арасындағы, азаматтар мен өкімет арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеп отыруы тиіс. Бұдан шығатын қорытынды: саяси практикада демократия мен құқықты астастырып, кіріктіру оңай шаруа емес.

Құқықтық демократия орнату қажеттігі міне осыдан келіп туындайды, ал мұның өзі құқықтық мемлекет орнату проблемасымен тікелей байланысып жатыр.

Қазақ менталитетінің әлеуметтік табиғатын тануда құқықтық құндылықтардың алатын орны ерекше. Олардың бүгінгі менталитеттегі көріну ерекшеліктерін анықтап алмай, қазіргі жүріп жатқан құқықтық реформаның пәрменділігі мен сапалық деңгейін, оның бағыт – бағдарын айқындау қиын. Құқықтық құндылықтар жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс – қимылдарының, ойлау жүйесінің, дүние түсінігінің негізін қалап, бағыт беріп отырады. Басқаша айтқанда құқықтық іс-әрекет осы құқықтық құндылықтарды адамдардың бойына сіңіріп, меңгеруіне тікелей байланысты.

Ғылыми тұрғыдан алғанда жаңғырту жүйесінің өрістеген кезеңінде ұлт бойындағы дәстүрлі құқықтық құндылықтарды жаңа заман талабына сай философиялық тұрғыдан зерттеудің де теориялық және практикалық маңызы ерекше. Бір сөзбен айтқанда, қазақ менталитетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық құндылықтарды зерттей отырып, қазіргі құқықтық реформаның қиындықтары мен қайшылықтарына жауап беруге болады. Ал, бұл мәселе, тәуелсіз құқықтық мемлекет құру үшін өте маңызды.

Халқымыздың тарихына үңілсек қарапайым халықтың әділет, шындық іздеп билерге баруы дағдылы әдет болған. Тіпті, кейбір тарихи деректерге сүйенсек билер сотына қазақтардан басқа да ұлт өкілдері өтініш жасап істерін билер сотына қараған.

Жоғарыда кезіндегі билер сотының әділдігі, әр іске мұқияттылықпен қарау, адам тағдырын шешуде үлкен шеберлік танытқанын көрсеткен едік. Халықта «Ел қамын жеген Едіге», «Қазып айтқан Қазыбек» деген ұғымдар содан қалған. Көп жағдайда билер соты жариялылық жағдайында өткен. Сот процесіне қалың жұртты қатыстыра отырып, қарапайым халықты адамгершілікке, әділетті болуға тәрбиелеп отырған. Дұрыс шешімге келіп, істің ақ – қарасын тану үшін билер сан алуан пікір айтып, сөз жарысына түскен және ақылды сөзге тоқтап, бір мәмілеге келіп отырған.

Мәмілелік - өнер. Ол әлеуметтік қайшылықтарды демократиялық жолмен шешудің биік шыңы. Мәмілелікте демократиялық құндылықтар басым.

Мәмілелік жалпы адамзат баласына тән қасиет болғанмен, қазақтың рухани дүниесінде оның орыны ерекше. «Келісіп пішкен тон келте болмас» - дейді қазақ.

Шындығында кеңеспен, ақылмен шешкен шешімнің кемісі болмайды. Мәмілеге келе отырып шешім қабылдау - ол демократияның көрінісі. Олай болса, қоғам мүшелерін осы бағытта тәрбиелеудің маңызы зор.

Мәмілелікке тән қасиет, ол біреуді тыңдаумен қатар, өз ойыңды ортаға салу, ортақ пікірге келу. Біреуді тыңдау, пікірлесіңнің ойын сол қалпында қабылдай салу емес, сонымен бірге өзекжарды өз ойыңды пікірлесіңе де мойындата білу. Міне, бұл өнер.

Қазақ өзгені тыңдап, басқадан үйренумен өскен халықтардың бірі. Кезінде ол туралы Абай: «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, - оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, ол ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер

көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік... деп ниетпен үйрену керек» [7, 303], – деген болатын.

Үйренгеннің, білгеннің ешқашан да артықтығы жоқ. Орыстың ғылымы өндірісті меңгеру үшін, жалпы дүниені игеру үшін қажет екені даусыз. Дей тұра, үйренудің де шегі болуы керек. Сосын да болар, қазақ «өнерді үйрен де жирен», -дейді.

Ұлт менталитеті мәңгілік деңгейдегі қатып қалған құбылыс емес. Ол объективтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Қоғамдық қатынастар неғұрлым қиындаған сайын менталитет мазмұны да жан-жақты дами түседі.

Халықтың білім деңгейі, саяси сауаттылығы, құқықтық мәдениеті артқан сайын, қоғамдағы жүріп жатқан процестерді соғұрлым тез қабылдап бикемділік пен ептілік танытады. Мысалға, күні кеше ғана құқықтық мемлекет ұғымына жатсына қарайтын қазақ бүгінде, оның қыры мен сырын түсіне бастағандай.

Құқықтық құндылықтарды ұлт менталитетіне сіңірудің бірнеше жолдары бар, солардың бірі құқықтық білім және тәрбие жүйесін дұрыс жолға қою. Әрине жұрттың бәрінің құқықтық білімін жоғары оқу орындары арқылы көтеру қажет те емес шығар. Бірақ әрбір саналы азаматтың өз елінің Конституциясын білуі, оның азаматтық борышы. Осы тұрғыдан алғанда, Ата Заң ұлт менталитетінің негізі болуы қажет.

Заң мемлекет тілінде жазылуы үшін заң дайындаушылар мен қабылдаушылардың ұлттық сана –сезімі, дүниетанымы қазақы болуы керек. Бұл негізіне құқықтық білім беру мен тәрбиені ұлттық негізде жүргізуді нақты қолға алу керек деген сөз. Құқықтық мәдениет көзі де ұлттық мәдениет.

Құқықтық мәдениетте ұлттық рух және мінез бар. Қандай да болмасын ұлт құқықтық мәдениетті қалыптастыруға өзіндік дүниені тану стилін, белгілі бір стереотиптерді, түсінулер мен сезімдерді қалыптастырады. Басқаша оны менталитет деп деп атаймыз. Құқықтық мәдениетті қабылдауда да ұлттық ерекшеліктер бар. Мысалға орыс үшін «заң» деген ұғымға қарағанда, «шындық» және «әділет»- деген ұғымдар әлде қайда жақын және жағымды естіледі екен [8].

Жаңа менталитетті қалыптастыру қажет, ол заман талабы. Бұл жерде мәселе ұлт менталитетін қандай құндылықтар негізінде қалыптастыру, қандай рухани негізге, табиғатқа отырғызу мәселесі басты орында болса керек. Осы тұрғыдан келгенде, кейбір ақпарат құралдары өз беттерінше тек жағымсыз, пессимистік сарындағы материалдарды, қылмыстың адам айтқысыз түрін өршелене жазып, халықтың агрессивтік психологиясын қоздыруды мақсат етіп қойып алған сыңайы байқалады. Осындай мемлекеттік емес басылымдардың жүргізіп отырған идеологиялық саясаты заңдық шеберге қойылу мәселесі әлі өз шешімін таппай келеді. Бұл дегеніміз құқықтық мәдениеттің әлі де болса дұрыс жолға қойылмай отырғанын және ұлт менталитетінде әлі дұрыс орнығып болмағанын көрсетеді.

Қазіргі қазақ менталитетінде құқықтық құндылықтарды қабылдауда екі жағдай қалыптасып отыр. Біріншіден, ұлт менталитетінде, құқық пен заң бір ұғым емес. Екеуі екі ұғым. Ұлт менталитеті кешегі тоталитарлық жүйе кезіндегі қалыптасқан құқықтық құндылықтардан арылып болмаған. Бұл нигилистік менталитет көзі. Қазақ заң орындарын жазалаушы орган деп қабылдайды. Сосын да оған үрке қарайды. Заң жолымен әділеттілікке жетуге болады дегенге сенімсіздік танытады. Олай болса басты мәселе ұлт менталитетінде заңға жаңа тәртіптерге деген дұрыс көзқарасты, әсіресе алдымен сенімді қалыптастыру керек.

Саяси және құқықтық мәдениет қоғамдық сананың, әлеуметтік практиканың тұрақты жағдайын сипаттайды. Бұл категориялар адамдардың өнегелілік мәдениетімен, саясат және тәрбиемен тығыз байланысты. Бұл қасиеттер тұрғысында профессор Т.Сәрсенбаевтың қазіргі кезеңдегі «Қазақстан халқы» көпұлтты қауымдастық, «жалпы қазақстандық патриотизм» мен «ұлттық патриотизм» ұғымдарының ара жігін ажыратуды

ұсынуы-ғылыми түсініктер мен қазіргі көзқарастың мәніне көңіл аударған маңызды кепілдеме [9, 41-42, 45, 59].

Қарап отырсақ саяси және құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен жетілуіне көптеген фактор деңгейі де тиісті рөл атқарады. Әрбір қоғам мүшесі үшін ар-ождан тазалығы, жеке мәдениеті, өмірге көзқарасы мен қызмет тәжірибесі басты нәрсе. Оған орай әлеуметтік – саяси тәрбие деңгейінің маңызын атаған жөн. Жаңа заңдарды азаматтарға насихаттау оны түсіндіру күн тәртібінен түспеуі керек.

Қазақстандағы көпұлтты жағдай ұлттық қарым-қатынастардың қадамын күрделендіре түседі. Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігі, тарихи игіліктері тиісті қамқорлықты, қорғауды талап етеді. Оған салғырттық, немесе ұқыпсыздық жасау ұлт араздығына жол ашады. Бұл мәселеде өте сергектік қажет-ақ.

Түп шежіресі сонау ежелгі ел – Мәңгілік Ел түркіден бас алатын қазақ халқының шерлі шежіресіндегі күрмеуі көп күрделі сұрақтардың ең өзектісі – этногенез, этникалық тарих, оның ішінде ұлттық мемлекеттілік мәселесі. Отандық тарихнамада бұл сонау Шоқан, Абай, Шәкәрімдерден бастап талай талқыға түсіп, зерделеніп келеді.

Еуразия атты қарт материк талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл кіндік ортасындағы ұшы-қиыры жоқ Ұлы даланы «үстінде көк аспан, астында қара жер жаралғаннан бері» мекен етіп келе жатқан халқымыз әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдарымен ұлықтанып келеді. Десек те, басаяғы бес жарым ғасыр ішінде қазақ халық ретінде, Қазақстан мемлекет ретінде небір тар жол, тайғақ кешуден өтті. Керей мен Жәнібек, Хакназар мен Тәуке хандар тұсында азуы алты қарыс көршілерінен еш қаймықпай, қалыспай, терезесін тең ұстап, ел мен жұрт үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты. XVIII-XIX ғғ. ағайын арасы алшақтап, көз ала болса да, көңіл құла болмаған алмағайып кезеңдердің өзінде жер бетінен жойылған жоқ. Бостандығы босқындыққа айналса да, бодандығы қыл бұғаудай қылдырса да, көкейін қара бұлт басып, қасіреті шаш етектен асып, жатса түсінен, тұрса есінен еркіндік пен егемендік идеясы кеткен жоқ. Іргелесе отырып, сіресе жүріп іргелі елдігі мен ерлігін, жоралы жұрттығын, қабырғалы қалпын, салықалы салтын сақтап қалды. Ол да болса қазаққа ілкіден тән сол баяғы Ұлттық мемлекеттілікке деген ұлы махаббаттың, еркіндік сүйгіш ерік-жігердің, тәуелсіздікке деген арманын дүниедегі бар асылына балаған асқақ рухтың арқасы.

Бүгін міне, Қазақстан әлемнің төрт бұрышына түгел мәшһүр, ұлттық мемлекеттілікке тән барлық қадір-қасиеті мен рәміздерін қамтамасыз еткен мемлекет. Саяси егемендігіміздің іргетасы экономикалық жетістіктермен бекітілуде. Әлеумет әлденуде. Керуен жүріп, көш түзелуде. Ұлтаралық татулық пен халықтар достығы саяси тұрақтылығымыздың мәуелі мәйегіне айналып отыр. Тіліміз бен діліміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз жанданып, жаңарып жатыр. Егемендігіміз баянды, Тәуелсіздігіміз табанды болған, сөйтіп алдымызға ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалар қойып, жүзеге асыру жолында күні-түні еңбектеніп жатқан, ұлтымыздың рухани қуатын, қайыспайтын қара нардай қайратын, арыс алдаспандай сенім мен жігерін желдің жүзіне суарып, шыңдап жатқан осынау кезеңі – сол Ұлттық мемлекеттілік идеясының ғасырлар бойғы рухани күресінің заңды жемісі де, тарих алдындағы жеңісі де!

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Саяси зерттеу қоры «Қазақстан XXI ғасыр», 1993. – 32 б.
2. Хантингтон С. Столкновение цивилизации // Свободная мысль. – 1993. – № 17. – 18 с.
3. Ақытұлы Ф. Құран Кәрімдегі ғылыми негіздер. Таңдамалы хадистер (Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың «Сахих» хадистері). – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2007. – 224 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1992. – 56 б.

5. Ирмухан Б. Казахстан и в XX веке сохранит многонациональный характер // Казахстанская правда. – 1997, ноябрь – 26.
6. Белинский В.Г. Собр.соч. в 3-х томах. – М.: Художественная литература, 1948. – Т.3. – 927 с.
7. Шаукенова З., Калмыков С. Социологический анализ межэтнической ситуации в Казахстане // Саясат.– 2007. – № 7. – С.47-48.
8. Зеньковский В.В. История русской философии. – Ленинград: ЭКО, 1991. – Т.1. – 222 с.
9. Сәрсенбаев. Т. Ұлттық қарым қатынастар саясаты мен мәдениеті. – Алматы, 2000. – 88 б.

КАРТОГРАФИЧЕСКИЕ ДОКУМЕНТЫ: ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Ксенжик Г.Н.

доктор исторических наук, доцент, академик МААО
Институт истории и этнологии им. Ч. Валиханова
г. Алматы, Республика Казахстан

Независимость и суверенность Казахстана оказала существенное влияние на интерпретацию прошлого и в настоящее время историческая наука уделяет большое внимание поиску новых источников в зарубежных архивах и введению в научный оборот ранее неизвестных.

Широкое использование картографических документов в сочетании с другими источниками в исторической науке позволит исследователям истории Казахстана избежать возможных ошибок при интерпретации исторических малоисследованных фактов, провести проверку нарративных и фольклорных источников, а также заметно углубить и обогатить исторические знания. Введение в научный оборот картографических документов, являются важным элементом познания прошлого, расширения научного и культурного кругозора, средством формирования мировоззрения подрастающего поколения.

В рамках реализации проекта «История казахов по данным зарубежных архивов», а также в связи с работой по проекту «Гылыми Қазына» над двадцатитомным изданием «Қазақстан тарихы / История Казахстана» Институтом истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова ведется поиск картографических материалов, свидетельствующих об историческом процессе нового времени на территории Казахстана.

Основная цель данной публикации – введение в научный оборот, отсканированных картографических материалов, хранящихся в Российском государственном архиве древних актов РФ (РГАДА РФ) и отделе картографических изданий Российской Государственной библиотеки (РГБ РФ), что позволит научной общественности Казахстана проследить эволюцию исторического процесса и найти верное решение сложных вопросов этнической, военно-политической, социально-экономической истории казахского народа.

Картографические материалы, обнаруженные в результате поиска, позволят решить следующие практические задачи, стоящие перед исследователями истории Казахстана нового времени:

- Уточнения исторических границ расселения, путей кочевания казахского народа на каждый определенный момент, в целях, чтобы избежать различного понимания вопроса о государственной принадлежности приграничных территорий в прошлом;